

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
IMS OF LN GUMILYOV ENU  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE  
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ  
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»  
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ  
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

*Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының*

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ  
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ  
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

*Works of the international scientific- practical conference*

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS  
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE  
OF TURBULENCE»**

**1 часть**

**2015**

**Астана**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5  
Ә 52

### Редакция алқасы

*МАДИЯРОВА Д.М.* – төрағасы, э.ғ.д., профессор  
*РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.* – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
*АХМЕТЖАНОВА С.Б.* - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты  
*АЗАТБЕК Т.А.* – э.ғ.д., профессор  
*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* – э.ғ.д., профессор  
*РАИМБЕКОВ Ж.С.* – э.ғ.д., профессор  
*ШАЛБОЛОВА У.Ж.* – э.ғ.д., профессор  
*КӘРІБАЕВ Ә.А.* - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»  
*СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.* - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры  
*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-551б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-551с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.551.

**ISBN 978-601-301-521-7**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

**ISBN 978-601-301-521-7**

адаптации фирм и работников к непрерывно происходящим изменениям в условиях экономической и социальной жизни.

Нестандартные виды занятости в настоящее время, является следствием изменчивости трудовых отношений и его гибкости. В действительности в данное время, можно видеть, что в изменяющемся мире диверсификация трудовых отношений занятости превращается в важное конкурентное преимущество.

От нее во многом зависит способность рынка труда успешно приспособливаться к непрерывно происходящим изменениям в экономической, социальной и институциональной среде. Но диверсификация отношений занятости, как мы пытались показать, отрицательно связана с жесткостью трудового законодательства. И чем настойчивее пытается государство загнать трудовые отношения в прокрустово ложе стандартной занятости, тем ниже при прочих равных условиях оказывается конкурентоспособность рабочей силы.

В отечественной экономике диверсифицированность отношений занятости остается пока что явно недостаточной. Об этом свидетельствуют не только полученные нами интегральные оценки, но и тот факт, что нашей экономике практически неизвестны новейшие формы занятости, которые в развитых странах переживают сейчас настоящий подъем, — лизинг рабочей силы, работа по вызову и т. д. Можно ожидать, что рано или поздно они начнут появляться и распространяться и на отечественном рынке труда. Но для этого сама институциональная среда должна стать более «гибкой» по отношению к инновационным типам трудовых контрактов.

#### **Список литературы**

1. В.П. Букин, Г.А. Розеватов. Нестандартная занятость в современных условиях: молодежный аспект //Вестник Поволжской академии государственной службы имени П.А. Столыпина, № 3. 2007. - 38 С.
2. Гимпельсон В., Капелюшников Р. Нестандартная занятость и российский рынок труда. Препринт WP3/2005/05. — М.: ГУ ВШЭ, 2005. — 36 с

ӘОЖ 338.28(574) (091)

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Н.П. Құраш

Л.Н. Гумилев ат.Еуразия ұлттық университеті  
Астана қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Рахметулина Ж.Б.

Ұзақ мерзімде Қазақстан экономикасының бәсекелестік артықшылықтарын дамыту тек қана инновациялық экономикаға өту негізінде қол жеткізіледі. Қазіргі заманғы инновациялық экономика дамудың іргелі

базасы ретінде жұмыс істеудің негізі инновациялық генезистің біртекті емес, сызықтық емес, көп қырлы процесс болып табылатын ұлттық инновациялық жүйені (ҰИЖ) қалыптастырады.

Инновациялық процесті жандандыру практикада жаңалықтарды енгізу және тарату үшін түрлі әлеуметтік және экономикалық институттардың арасында орнатылған өзара ұлттық және аймақтық инновациялық жүйені қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасу және даму процесін зерттеу, оның қызметінің ұйымдастыру-экономикалық механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу өзекті мәселе болып табылады.

Жаһандық инновацияның қарқын алған дәуірінде ғылымды қажет ететін экономиканы құру және өзінің ҰИЖ-ін дамыту Қазақстан үшін маңызды екені күмән тудырмайды.

Қазақстанның ҰИЖ мазмұнын айқындап, оның негізгі мәселесіне себепші болған факторлар: академиялық зерттеулердің біршама жоғары деңгейі және бар ғылыми-техникалық әзірлемелер мен Қазақстан экономикасының қажеттіліктері арасындағы алшақтық болды:

1. жоспарлы экономика кезеңіндегі Қазақстан экономикасының шаруашылықты мамандандыру және салалардың технологиялық даму деңгейінің тарихи шартты сабақтастығы;

2. ғылыми зерттеулерге бөлінген едәуір шығындар және іргелі бағыттар әзірлемелерінің жоғары деңгейімен ерекшеленетін, алайда нарықтық инновацияға қажетті мәселелерді шешуде коммерциялық жақындығы аз көрсетілген жоспарлы социалистік жүйе кезінде қалыптасқан ғылыми-техникалық әлеуетінің біршама жоғары деңгейі.

Қазақстан экономикасының инновациялық даму жолына көшу процесі бірнеше кезеңнен өтті және әрбір кезеңде Үкімет басты бағыты экономикалық субъектілерінің инновациялық белсенділігін арттыру тетіктерін құру болып табылатын құқықтық нормативтік актілерді қабылдады.

2003 жылы «2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды - инновациялық даму стратегиясы» әзірленді және қабылданды. Қазақстанның экономикалық дамуындағы жаңа кезең: табиғи ресурстарды пайдалануға негізделген экономикадан білімге негізделген индустриалды-инновациялық экономикаға көшу кезеңі басталды.

Стратегияны қабылдау инновациялық жүйенің жаңа субъектілерінің қалыптасуына ықпал етті. Үкімет даму институттарының бірқатарын құрды: Ұлттық инновациялық қор, Қазақстанның инвестициялық қоры, Қазақстанның Даму банкі, Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация, Маркетингтік-аналитикалық зерттеулер орталығы, Инжиниринг орталығы және технологиялар трансферті, сондай-ақ Ғылым қоры. Еліміздің зияткерлік және ғылыми әлеуетін, отандық ғалымдар мен новаторлардың әзірлемерін тиімді пайдалану негізінде отандық ғылымды қажет ететін өндірістердің дамуы арқылы алуға болатын индустриялық - инновациялық даму стратегиясын қабылдау елімізде инновациялық жүйені қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар туғызды [1].

2005 жылы ел экономикасын жаңғырту мақсатында ҰИЖ-ді қалыптастыру және дамыту бойынша негізгі құжат болып табылатын (ҰИЖҚДБ) «2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту бағдарламасы» қабылданды[2]. 1-кестеде келтірілгендей ҰИЖҚДБ бағдарламасында ҚР ҰИЖ қалыптастыру және дамытудың бірнеше кезеңдері қамтылған. Бағдарламада Қазақстанның инновациялық жүйесінің негізгі принциптері айқындалған: ҰИЖ-ді қалыптастыру мен дамыту процесіндегі мемлекеттің жетекші рөлі; мемлекеттің жеке капиталмен белсенді ынтымақтастығы; құрылған жүйенің ашық сипаты. ҰИЖ-дің ашық сипаты отандық және шетелдік кез келген перспективалық инновациялық идеяларды өндіріске ендіру, сондай-ақ ғаламдық инновациялық жүйеге ену үшін кедергілерді болғызбау мүмкіндігін көздейді.

Кесте 1 – ҰИЖҚДБ бағдарламасы бойынша Қазақстанның ҰИЖ қалыптасу және даму кезеңдері

Этап	Кезеңдері	Сипаттамасы
1	2005 - 2007жж.	Мемлекеттің белсенді қатысуымен инновациялық жүйенің қалыптасуы: ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту, ғылыми-технологиялық даму басымдықтарын анықтау; инновациялық кәсіпкерлікті дамыту, инновациялық инфрақұрылымның негізгі элементтерін құру және дамыту, жетекші салалардағы ірі капиталды қажет ететін инновациялық жобаларды іске асыру; ҒЗТКЖ қаржыландыратын қаржылық инфрақұрылымды дамыту; озық шетелдік венчурлық қорларды инвестициялау мен отандық венчурлық қорлар құру.
2	2008 - 2010жж.	ҰИЖ элементтерінің өзара әрекеттестік және жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру: ҰИЖ элементтер арасындағы қалыптасқан өзара әрекеттестікті нығайту; шетелдік инвесторлар арқылы венчурлық қорлар құрудың венчурлік инвестициялау механизмін белсенді дамыту; инновациялық жобалар мен ҒЗТКЖ-дың қаржыландыруындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту; алдыңғы кезеңде қалыптасқан жобалар төңірегіндегі кластерлік кооперацияны дамыту; инновациялық жүйе субъектілерінің ірі халықаралық компаниялармен бірлескен жобаларға қатысуы.
3	2011 – 2013жж.	Инновациялық жүйені тұрақты дамыту, әр өңірдің үлестік қатысуымен облыстық венчурлық қорлар құру, мемлекеттік шығыстардың үлесін қысқарту, жеке инвестициялар өсімі, инновациялық қызметті ынталандырудың жанама құралдарын айрықша пайдалану, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми зерттеулерін жандандыру, өндірістік базаны техникалық және технологиялық жаңғырту; ғылым мен бизнестің үйлестірушісі ретінде Қазақстанның өңірлік технопарктерін жандандыру.
4	2014 – 2015жж.	Мемлекеттің, жеке кәсіпорындар мен «үш қабат шиыршық» аясындағы зерттеушілердің тиімді өзара әрекеті, инновациялық әзірлемелер санының өсуі, өнеркәсіп өндірісіне отандық инновациялық өнімдер мен технологияларды енгізу, инновациялық жобалардан, венчурлық қорлардан мемлекеттің «шығуы» және «Инновация» факторы бойынша Қазақстанның халықаралық рейтингісін арттыру.
Ескерту автор [2] ақпарат көздері бойынша құрастырған		

2005-2015 жылдардағы ҰИЖҚДБ бағасы 139795,13 млн. теңгені құрады, соның ішінде республикалық бюджеттен 77272,3 млн. теңге және жергілікті бюджеттен 2112 млн.теңге, сондай-ақ 60410,83 млн.теңгеден кем емес мөлшердегі жеке меншік отандық және шетелдік капиталды тарту негізінде. ҰИЖҚДБ бағасын нақты бөлу 2-кестеде ұсынылады.

Кесте 2 – ҰИЖ даму кезеңдері бойынша ҰИЖҚДБ бағасы, млн. тг

Қаржыландыру көздері	1 этап 2005-2007	2 этап 2008-2010	3 этап 2011- 2013	4 этап 2014- 2015	Барлығы
Барлығы:	38 797,50	48 782,67	31 328,98	20 885,98	139 795,13
Республикалық бюджет	24 786,77	30 814,03	13 002,9	8 668,6	77 272,30
Жергілікті бюджет	2 112,00	-	-	-	2 112,00
Жеке капитал	11 898,73	17968,64	18 326,08	12 217,38	60 410,83
Ескерту автор [2] ақпарат көздері бойынша құрастырған					

ҰИЖ экономиканы қалыптасрудың негізгі тетігі ретіндегі бағдарламамен анықталды. ҰИЖҚДБ бағдарламасында отандық инновациялық жүйе белгіленген, оның инновациялық үрдіске қатысушы негізгі қосалқы жүйелері мен элементтері бөліп көрсетілген.

Кейбір оң нәтижелерге қарамастан, Стратегия және Бағдарлама мақсаттарына толығымен қол жеткізілген жоқ. Шикізаттық емес секторға инвестициялық ресурстар мен еңбек ресурстарын қайта бөлу механизмі тиімсіз болды. Экономика құрылымы шикізат бағыттылығын сақтап қалды, ал жұмыспен қамту құрылымы еліміздің еңбек әлеуетін пайдаланудың төмен тиімділігін көрсетеді. 2009 жылы ауыл шаруашылығында халықтың 27,7 % -ы жұмыспен қамтылды, ал ол кезде ЖІӨ осы сектордың үлесі ретінде тек 6,2 % -ды құрады. 2005 және 2009 жылдар аралығында ЖІӨ-дегі өнеркәсіпті өңдеу үлесі 10,5% -дан 9,9%-ға дейін төмендеді, тау-кен өндірісінің үлесі 17,7% -дан 18,5%-ға дейін артты [3].

Жалпы алғанда, инновациялық қызмет саласындағы түрлі кезеңдерде қабылданған заңнамалық актілер мен бағдарламалар ҚР тиімді ұлттық инновациялық жүйесін дамыту үшін негіз болатын және оны құру, енгізу және тарату нәтижесінде туындайтын өзара қарым-қатынастың барлық салаларын қамтиды,

Ғылыми-зерттеу ұйымдарымен қатар еліміздің ғылыми әлеуеті өзіне болашақта инновациялық өнімдер мен технологияларды іске асыруға байланысты идеялар қосатын қабілетті жоғары білікті мамандарды қосады. Инновациялық экономика ғылыми қызметкерлердің біліктілік деңгейі мен санына жоғары талаптар қояды.

ҒЗТКЖ орындайтын зерттеушілер санына сәйкес, Қазақстан соңғы бес жылдағы оң серпінге қарамастан, қазіргі уақытта көптеген шет елдерден кейін қалуда. Мысалы, зерттеушілер санының көрсеткішіне сәйкес мың жұмыс істейтін адамға Финляндия Қазақстаннан 12,2 есеге, Оңтүстік Корея 9 есе, Сингапур 8 есе (2012жылғы мәліметке сәйкес) асып түседі [4].

2014 жылы (2010 жылмен салыстырғанда 74% және 2013 жылмен салыстырғанда 10,1 %) зерттеушілердің санының айтарлықтай өсуі байқалды.



Ескерту автор [5] ақпарат көздері бойынша құрастырған

Сурет 1 - Қазақстандағы зерттеушілер санының динамикасы, адам

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ҚР инновациялық әлеуетті дамытудың келесі мүмкіндіктерін анықтауға болады:

1. ҒЗТКЖ-мен айналысатын ұйымдардың құрылымын бөлуде коммерциялық емес сектордың үлесінің ұлғаюы; осы сектордағы жұмыспен қамтылғандардың орташа саны барлық секторлардың арасында ең төменгі болып қалады.

2. ҒЗТКЖ ұйымдары және осы сектордағы зерттеушілердің санының азаюына қарамастан, ҒЗТКЖ саласында жұмыспен қамтылғандардың саны бойынша мемлекеттік сектор көшбасшылық позициясын сақтап қалады.

ҒЗТКЖ-мен айналысатын қызметкерлердің сапасын бағалау үшін, 3-кестеде көрсетілгендей, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми атағы бар зерттеушілер санының динамикасын қарастырамыз.

2010-2014 жылдар аралығында зерттеушілер санының өсу үрдісі байқалады, бұл осы кезеңде зерттеулер және әзірлемелермен айналысатын барлық қызметкерлер санының өсуімен түсіндіріледі. 2010 жылы зерттеушілердің жалпы санынан ғылыми дәрежесі бар зерттеушілердің үлесі 40,9 %-ды құрады, 2014 жылы 41,5% болды, бұл зерттеушілер құрамы сапасының жақсарғанын білдіреді.

Кесте 3– Ғылыми атақтары бар зерттеушілер санының динамикасы

Көрсеткіштер	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.	2014ж.	Өсу қарқыны 2014/2010, %
Зерттеулер және әзірлемелермен айналыстын қызметкерлердің саны (жыл соңында), адам	17021	18003	20404	23712	25793	151,5
соның ішінде, зерттеушілер. Оның:	10870	11488	13494	17195	18930	174,1
Ғылым докторы	1347	-	10665	1688	2006	148,9

Бейіні бойынша доктор	-	1 486	719	605	596	40,1
PhD докторы	59	95	131	218	-	369,5*
Ғылым кандидаты	3 041	3 286	3 629	4 915	5 254	172,8
Ескерту автор [5] ақпарат көздері бойынша құрастырған						

Еліміздің ғылыми әлеуетін талдауды аяқтай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

– ғылыми зерттеулер және әзірлемелермен айналысатын қызметкерлер саны өсуде. Қазіргі уақытта зерттеушілердің жалпы саны 2003 жылғы көрсеткіштен 55,6%-ға өсті;

– өндірісте ғылыми қызметкерлер санының жетіспеушілігі байқалады. Зерттеушілердің көп бөлігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласындағы инновациялық дамуға теріс әсер ететін мемлекеттік секторда, сондай-ақ академиялық университеттерде жұмыс істейді.

– зерттеушілердің еңбекақысы халықаралық стандарттардан алшақ жатыр және соңғы жылдардағы оң динамикаға қарамастан, өте төмен деңгейде қалып отыр.

ҒЗТКЖ саласы және инновациялық қызмет қазіргі жағдайда көптеген елдерде тұрақты экономикалық өсу мен экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін маңызды негіз ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның ҰИЖ бірқатар сипаттамаларда дамыған елдердің инновациялық жүйесінен артта қалып отыр, отандық ғалымдардың әзірлеген ҒЗТКЖ инновацияларын толық енгізу үшін жағдайлар жасалмаған.

### Әдебиеттер тізімі

1. "Қазақстан Республикасының Индустриялық - инновациялық дамуының 2003- 2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы: ҚР-сы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы // Үкімет бюллетені.– 2003. – №3. – 105б. Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2008. - №33. – 122б.
2. <http://adilet.zan.kz/>.
3. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/>.
4. International Labor Organization // Key indicators of the labour market // [<http://www.ilo.org>].
5. Наука и инновационная деятельность Казахстана/ стат.сборник.- Астана, 2014. – 36 с.
6. Мельникова И.Н. Стимулирование научно-инновационной деятельности: мировой опыт// Журнал международного права и международных отношений. – 2010. – №3. – С.89-93.